

"Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 1313 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Осы Заң қоршаған ортаның авариялық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарының міндеттемелері бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында туындаған қатынастары реттейді және оны жүргізудің құқықтық, қаржылық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қоршаған ортаның авариялық ластануы - шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаларда жүз берген, аварияларға немесе апаттарға негізделген, кенеттен қасақана жасалмаған, төтенше жағдайдың салдарынан болған атмосфераға шығарылатындардан немесе суға төгілген зиянды заттар төгінділерінен не жер үстіндегі учаскелерде, жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ түріндегі заттардың не осы жол беруге болатын деңгейдің осы аумақ және уақыт үшін артатын иістің, шуылдың, тербелістің, радиацияның пайда болуынан немесе электромагнитті, температуралық, жарық не өзге де физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсер етуден тұратын қоршаған ортаның ластануы;

2) пайда алушы - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемдерін алушы болып табылатын т ұ л ғ а ;

3) шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке

немесе заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі шаруашылық қызметінің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың қоршаған ортаның авариялық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеудің заңдармен белгіленген міндеттілігі;

4) жәбірленуші - қоршаған ортаның авариялық ластануы нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген тұлға;

5) үшінші тұлға - міндетті экологиялық сақтандырудан туындайтын рәсімге тартылған және олардың мүдделеріне залал келтірілген құқық қатынастарының субъектілері;

6) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасының шегінде сақтандырушының пайда алушыға төлейтін ақшасының сомасы;

7) сақтандыру сыйлықақысы - сақтандырушы сақтанушыға міндетті экологиялық сақтандыру шартында анықталған мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асыруға міндеттеме қабылдаған оған төлеуге міндетті ақшасының сомасы;

8) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

9) сақтанушы - шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын, сақтандырушымен қоршаған ортаның авариялық ластанғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

10) сақтандыру жағдайы - оқиға басталғаннан шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын жеке немесе заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтанушыға сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асыруды көздейтін жағдай;

11) сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде оның пайдасына шарт жасалған сақтанушыға немесе өзге де тұлғаларға (пайда алушыға) шартта анықталған сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

12) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшесі;

13) шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрі - нәтижесінде қоршаған ортаны ластайтын немесе ластауы мүмкін жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметі;

14) экологиялық аудит - шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын, аудит жүргізілетін объектінің ықтимал техногенді және экологиялық

қауіпті дәрежесін белгілеу мақсаты бар заңды және жеке тұлғалардағы технологиялық және табиғат қорғау жабдықтарының жағдайы туралы ақпаратты және осы заңды және жеке тұлғаларда жүз берген авариялар мен техногендік апаттар салдарынан ластауға әсер ету нәтижесінде туындайтын үшінші тұлғаның, сондай-ақ басқа да төтенше жағдайлардың халыққа, шаруашылық объектілері мен аумақтарға келтіруі мүмкін зиянның көлемін тәуелсіз бағалауды жүзеге асыру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

15) міндетті экологиялық сақтандыру - шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін, қоршаған ортаның авариялық ластануымен зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың міндетті экологиялық сақтандырылуы.

2-бап. Міндетті экологиялық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы

1. Міндетті экологиялық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінен , осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен осы Заңда айтылғандардан басқа өзге де ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

3-бап. Міндетті экологиялық сақтандырудың объектілері

Міндетті экологиялық сақтандырудың объектісі шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі болып табылады.

4-бап. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті экологиялық сақтандыруға жататын тұлғалар

Міндетті Экологиялық сақтандырудың мақсаты сақтандыруға шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады.

Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

5-бап. Міндетті экологиялық сақтандыру шартынсыз шаруашылық және өзге де қызметтерді жүзеге асыруға жол бермеу

Міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасаспаған шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың қызметіне рұқсат етілмейді.

6-бап. Міндетті экологиялық сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау

1. Сақтандыру ұйымдарының қызметтеріне мемлекеттік қадағалауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыру қызметтерін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

2. Шаруашылық қызметінің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын жеке және заңды тұлғалардың міндетті экологиялық шартын жасау бөлігіндегі осы Заңның орындалуына бақылауды уәкілетті органның ведомствосы жүзеге асырады.

2-тарау. МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ

7-бап. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты және оны жасасу тәртібі

1. Міндетті экологиялық сақтандыру жеке немесе заңды тұлғалардың шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру кезінде мүліктік құқығына зиян келуі мүмкін үшінші тұлғаның пайдасына сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы осы Заң мен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты оның күшіне енуі күнінен бастап он екі айға жасалады және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы үшінші тұлғаға сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттенетін, ал сақтанушы шартпен белгіленген мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенетін күші бар сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісім болып табылады.

3. Міндетті экологиялық сақтандыру шартымен моральдық зиянды өтеуді, қолдан шығарылып алған пайданы және тұрақсыздық төлемін қоса алғанда сақтанушы шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру кезінде үшінші тұлғаға зиян келтіру салдарынан туындаған жағдай бойынша сақтандыру төлемін

жүзеге асыру көзделеді.

4. Міндетті экологиялық сақтандыру шартының жауапкершілігі міндетті сақтандырудың осы түрі (сыныпы) бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы тиіс.

5. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру полисін беру арқылы жазбаша нысанда жасалады.

6. Міндетті экологиялық сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімдеу жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық кесімдерімен белгіленеді.

7. Егер сақтандыру міндеттілігі жүктелген тұлға оны жүзеге асырмаса немесе ол осы Заңмен көзделгенді салыстыру бойынша сақтандырылғанның жағдайын нашарлататын шарттарда сақтандыру шартын жасаса, бұл тұлға сақтандыру жағдайы туындаған кезде тиісті сақтандыру кезіндегідей сақтандыру төлемі жүзеге асырылуы тиіс сол жағдайда сақтандырылғанның алдында жауапкершілікте болады.

8-бап. Міндетті экологиялық сақтандыру шартының қолданылуы

1. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты осы Заңға сәйкес жәбірленуші деп танылған тұлғаларға қатысты қолданылады.

2. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты міндетті экологиялық сақтандыру шартымен белгіленген күнінен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

3. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты өз күшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайда және тәртіппен тоқтатады.

4. Міндетті экологиялық сақтандыру шартының қолданысы, егер, Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттармен көзделген шарттарда өзгелер көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында шектеледі.

9-бап. Міндетті экологиялық сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы

1. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен көзделген тәртіппен және жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

2. Міндетті экологиялық сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату кезінде сақтанушы сақтандыру сыйақысының бөлігін мынадай мөлшерде қайтарып алуға құқығы бар:

Р/с| Міндетті экологиялық сақтандыру | Сақтандырушы ұстайтын
N | шартының оны мерзімінен бұрын | сақтандыру сыйлықақысының

	тоқтату сәтіне дейін күшіне енген сәтінен бастап өткен мерзім	көлемі (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен)
1	2	3
1.	1-айды қоса алғанға дейін	20
2.	1-айдан 2-айды қоса алғанға дейін	30
3.	2-айдан 3-айды қоса алғанға дейін	40
4.	3-айдан 4-айды қоса алғанға дейін	50
5.	4-айдан 5-айды қоса алғанға дейін	60
6.	5-айдан 6-айды қоса алғанға дейін	70
7.	6-айдан 7-айды қоса алғанға дейін	75
8.	7-айдан 8-айды қоса алғанға дейін	80
9.	8-айдан 9-айды қоса алғанға дейін	85
10.	9-айдан 10-айды қоса алғанға дейін	90
11.	10-айдан 11-айды қоса алғанға дейін	95
12.	11-айдан жоғары	100

10-бап. Сақтанушының құқығы мен міндеттері

1. Сақтанушы :

- 1) сақтандырушыдан міндеті экологиялық сақтандыру шарты бойынша міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын түсіндіруді, міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін талап етуге;
 - 2) сақтандыру полисін жоғалтқан жағдайда оның телқұжатын алуға;
 - 3) жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;
 - 4) келтірілген зиянның көлемін бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған сақтандыру төлемі көлемінің есептемелерімен танысуға;
 - 5) заңнама кесімдері мен міндетті экологиялық сақтандыру шартына сәйкес міндетті экологиялық сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
 - 6) сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартқаны немесе оның көлемінің азайтылғаны туралы шешімін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағымдануға;
 - 7) осы Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға құқылы.
- Міндетті экологиялық сақтандыру шартымен Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін сақтанушының басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

2 . С а қ т а н у ш ы :

- 1) сақтандыру шартымен белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйақыларын төлеуге;
- 2) сақтандырушыны сақтандыру қатерінің жай-күйі туралы хабарландыруға;
- 3) сақтандыру жағдайының басталуы туралы сақтандырушыны хабардар етуге;
- 4) сақтандыру жағдайынан шығындардың азаюына шаралар қабылдауға;
- 5) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап құқығын сақтандырушыға көшуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Міндетті экологиялық шартымен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына қайшы келмейтін сақтанушының басқа да міндеттіліктері көзделуі мүмкін .

11-бап. Сақтандырушының құқығы мен міндеттері

1 . С а қ т а н д ы р у ш ы :

1) міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу кезінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа сақтанушыдан осы Заңға сәйкес міндетті экологиялық сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде міндетті экологиялық сақтандыру шартына, сақтандыру жағдайлары мен сақтандыру төлемдеріне себеп болғаны туралы ақпаратты ұ с ы н у д ы т а л а п е т у г е ;

2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыреттеріне негіздей отырып сақтандыру жағдайының басталған фактісін және жәбірленушіге келтірілген зиянның көлемін растайтын құжаттарды сұрауға;

3) сақтанушыдан қоршаған табиғи ортаның ластану қаупін бағалау үшін қажетті, орын алған сақтандыру жағдайының себептері, көлемі және зардаптары туралы толық ж ә н е ш ы н а қ п а р а т т ы а л у ғ а ;

4) сақтандыру жағдайының басталу себептері мен өзге де жағдайларын анықтау үшін зәбірленуші бүлінген (жойылған) мүлкін бағалауды жүргізуге;

5) жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның көлемін бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;

6) сақтандыру жағдайы басталған кезге дейін және кейін қоршаған ортаның жағдайы мен сақтанушының объектілеріне жеке зерттеулер жүргізуге;

7) осы Заңның 20-бабында көзделген жағдайларда зиян келтіргені үшін жауапты адамдарға қарсы талап құқығын қоюға;

8) осы Заңның 21-бабында көзделген негіздер бойынша толық немесе ішінара сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Міндетті экологиялық сақтандыру шартымен сақтанушының басқа да құқығы

к о з д е л у і

м ү м к і н .

2 . С а қ т а н д ы р у ш ы :

1) сақтанушыны міндетті экологиялық сақтандыру шарттарымен таныстыруға міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын оның құқығы мен міндеттерін т ү с і н д і р у г е ;

2) өтініш берушіге берілген құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, анықтаманы беруге;

3) міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтанушыға са қ т а н д ы р у п о л и с і н б е р у г е ;

4) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабар алған кезде тез арада оны тіркеуге ;

5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алған сәттен бастап жете жұмыс күні ішінде сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша бүлінген (жойылған) мүліктің көлемін бағалауды, сақтандыру төлемі көлемінің есебі көрсетіле отырып сақтандыру кесімін жасауды жүргізуді және оны пайда алушының танысуына ұ с ы н у ғ а ;

6) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізуге;

7) сақтанушыға олардың сақтандыру жағдайы кезінде зиянның алдын алу немесе азайту мақсатында ұшыраған шығындарын өтеуге;

8) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

9) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда, сақтанушыға жазбаша өтініш негізінде сақтандыру полисінің телнұсқасын беруге міндетті.

Міндетті экологиялық сақтандыру шартымен сақтанушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

12-бап. Жәбірленушінің құқығы

1 . Ж ә б і р л е н у ш і :

1) сақтандырушыға сақтанушының немесе сақтандырылғанның шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы нәтижесінде орын алған сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабарлауға;

2) сақтанушының немесе сақтандырылғанның орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуді және оларды сақтанушы (сақтандырылған) міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыға ұ с ы н у ғ а ;

3) денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянның көлемін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;

4) сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген келтірілген зиянның көлемін

бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі көлемінің есептерімен танысуға;

5) осы Заңмен белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алуға ;

6) сақтандырушының сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асырудан бас тарту немесе оның көлемін азайту туралы шешімін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағымдануға ;

7) шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін және өзге де қызметтерді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға алынған сақтандыру төлемінен жоғары зиян келтірілген сомадан асатын мөлшерде келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды ұсынуға құқылы .

2. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы баптың 1-тармағымен белгіленген жәбірленушінің құқығы пайда алушы ретінде әрекет ететін өзге тұлғаларға ауысады.

3-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

13-бап. Сақтандыру сомасының көлемі

Сақтандыру сомасының көлемі тараптардың келісімі бойынша міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сомасының көлемі :

1) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғамен міндетті экологиялық сақтандыру шарты жасалған күнге 5000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен;

2) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, заңды тұлғамен міндетті экологиялық сақтандыру шарты жасалған күнге 5000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аз еместі құрауы тиіс.

14-бап. Сақтандыру сыйлықақысының көлемі

Сақтандыру сыйлықақысының көлемі шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың жауапкершіліктерінің міндетті экологиялық сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша белгіленеді , бірақ бұл ретте сақтандыру көлемі міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан 4,5 пайыз аспауы тиіс.

15-бап. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімі

1. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімі міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша тараптардың келісімімен белгіленеді.

2. Егер, міндетті экологиялық сақтандыру шартымен өзгелер көзделмесе, онда кезекте сақтандыру жарнасын уақытылы төлемегені үшін сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде бөтеннің ақшасын заңсыз пайдаланғаны ретінде тұрақсыздық ақысын төлеуге міндетті.

4-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫН, КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯННЫҢ КӨЛЕМІН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН АНЫҚТАУ

16-бап. Сақтандыру жағдайы

1. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған фактілері м о й ы н д а л а д ы .

2. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген зиянды дәлелдеу са қ т а н у ш ы ғ а тиесілі.

3. Сақтанушының заңды күшпен келтірген зиянын өтеу не сақтанушының зиянды өтеуі туралы негізделген жәбірленушінің (пайда алушының) талаптарын мойындау туралы және сақтандырушының сақтанушы талаптарын мойындағаны туралы келісімі туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап сақтандыру жағдайы басталған деп с а н а л а д ы .

4. Сақтандыру төлемінің көлемін сақтандырушы жәбірленушінің (пайда алушының) талап еткен сомасына немесе осы Заңның 7-бабының 3-тармағының ережелерін ескере отырып, осы заң күшіне енген, келтірілген зиянды өтеу туралы сот шешіміне негіздей отырып анықтайды.

17-бап. Экологиялық аудит

1. Экологиялық аудит қоршаған ортаның авариялық ластануы нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілуі мүмкін зиянды, сондай-ақ зиянның зардаптарын жою бойынша шараларға талап етілген шығындарды бағалау мақсатында жүргізіледі.

2. Сақтанушы өзінің өндірістік объектілеріндегі сақтандыру жағдайының нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілетін ықтимал зиянды бағалау үшін экологиялық аудит қызметін тартуға құқығы бар.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы экологиялық аудиттің қызметін сақтанушының қоршаған ортаны қорғау нормалары мен ережелерін,

экологиялық талаптарды сақтауын бағалау үшін тартуы мүмкін.

4. Экологиялық сақтандыру кезінде экологиялық аудиттің тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

18-бап. Сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Сақтандыру төлемі туралы сақтандырушыға талаптарды сақтанушы немесе жәбірленуші (пайда алушы) сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса беріп жазбаша нысанда ұсынды.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар:

1) сақтандыру полисі;

2) экологиялық аудит қорытындысының көшірмесі;

3) қоршаған ортаны авариялық ластануға әкелген, келтірілген зиянның себебі, көлемі және туындаған жағдайдың зардаптары туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгіленген тәртіппен құрылатын құзыретті комиссияның актісі;

4) уақытша еңбекке жарамсыздығының мерзімі туралы денсаулық сақтау мекемесі анықтамасының немесе жәбірленушіге мүгедектік тағайындалу туралы - ол тағайындалған жағдайда, арнайы мекеменің анықтамасының көшірмесі;

5) жәбірленушінің өлімі туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі мен пайда алушының зиянды өтеуге - жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, құқығын растайтын құжат (көшірмесі);

6) сақтандыру жағдайының туындауы кезінде зиянның алдын алу немесе азайту мақсатында сақтанушы шеккен шығыстардың - олар болған жағдайда растайтын құжаттар;

7) жекелеген жағдайларда - сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапкершілігін және өтеуге жататын зиянның көлемін көрсете отырып үшінші тұлғаның келтірген зиянын мойындағаны туралы сот шешімі қоса беріледі.

3. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемін төлеуді сақтанушы әлеуметтік қамсыздандыру бойынша тиесілі сомаға, сақтандырудың басқа шарттарына тәуелсіз жүзеге асырады.

4. Жәбірленушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариалдық расталған сенімхат бойынша оған қоршаған ортаны, денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру бойынша қызмет көрсеткен (көрсетіп отырған) осы тұлғаға сақтандыру төлемін жасау тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы пайда алушыдан оның сақтандырушыға талаптарының құқығын шектейтін шарттарын қабылдауды талап етуге құқылы емес.

19-бап. Сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асыру тәртібі

1. Сақтандыру төлемін жасауды сақтандырушы осы Заңның 18-бабында көзделген құжаттарды ол алған күннен бастап бір ай ішінде жүргізеді.

2. Егер, сақтандыру жағдайының басталуына әкелген оқиға нәтижесінде жәбірленушінің денсаулық жағдайының нашарлауына (мүгедектік немесе ең жоғары мүгедектік тобы белгіленсе) не қаза болуына әкелсе, онда сақтандырушы жәбірленушіден (пайда алушыдан) түскен өтініш пен тиісті құжаттардың негізінде осы Заңда белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемін қайта есептеуді жүргізуге міндетті. Бұл ретте соманы қайта есептеу кезінде бұған дейін төленген сома е с е п к е қ а б ы л д а н а д ы .

3. Сақтандыру төлемін жасау уақытылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық ақысын төлейді.

20-бап. Зиян келтірілген тұлғаға қарсы талап қою құқығы

1. Сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асыратын сақтандырушы сақтанушыға м ы н а д а й ж а ғ д а й л а р д а , е г е р :

сот талқылауы барысында сақтанушыға іс-әрекеттер басталғанға дейін немесе міндетті экологиялық сақтандыру шартының қолданысы кезінде мәлім болған себептердің салдарынан орын алған сақтандыру жағдайы белгіленсе толық және жартылай қарсы талап қоюға құқығы бар.

2. Сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асырған сақтандырушыға сақтандыру нәтижесінде сақтандырушы өтеген зиян үшін жауапкершілік сақтанушы қарсы талап құқығы олар төлеген сома шегінде ауысады.

21-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асырудан босатуға негіздеме

1. Сақтандырушы егер, сақтандыру жағдайы мыналардың:

1) қажетті қорғану жағдайында және барынша қажет болғанда жасалған іс-әрекеттерді есептемегенде, сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал еткен оның қасақана іс-әрекеті;

2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заң кесімдерімен белгіленген тәртіппен мойындалған, сақтандыру жағдайымен байланысты себептермен қасақана қылмыс жасау немесе әкімшілік құқық бұзушылық іс-әрекеттерінің салдарынан басталса сақтандыру төлемін төлеуден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушыға сондай-ақ мыналар:

1) сақтанушының келтірілген зиянға кінәлі тұлғадан зиянның тиісті өтеуін алуы;

2) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар етпеуі немесе уақтылы хабарламауы;

3) сақтандыру объектісі, сақтандыру қатері, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы сақтанушы сақтандырушыға қасақана жалған мәліметтерді х а б а р л а м а с а ;

4) сақтандыру жағдайынан залалдарды азайту жөніндегі шараларды сақтанушының қ а с а қ а н а қ а б ы л д а м а у ы ;

5) сақтандыру жағдайының басталуы жағдаятын зерттеуде және оларға келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуде сақтанушының сақтандырушыға кедергі келтіруі;

6) сақтандыру жағдайының басталуы үшін тұлғаға өзінің талап ету құқығынан сақтандырушының бас тарту, сондай-ақ сақтандырушыға талап ету құқығына көшу үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тарту сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға негіз болуы мүмкін. Егер сақтандыру төлемі төленген болса, сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы.

3. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар етпеуі немесе уақтылы хабарламауы, егер, ол дәлелді себептермен негізделсе және сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын фактілер мен сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін тікелей болған жағдайын бағалау үшін қоршаған ортаның ластануы нәтижесінде жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген сақтандыру жағдайының басталған фактісін растайтын тиісті құжаттар ұсынылған болса сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға н е г і з б о л а а л м а й д ы .

4. Сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту үшін негіз болған жағдайда сақтандырушы талап ұсынылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талап білдірген тұлғаға бас тарту себебін дәлелді негіздермен жазбаша нысанда сақтандыру төлемін жасаудан толық немесе ішінара бас тартқаны туралы тиісті шешімді жолдауға міндетті.

5. Егер, сақтандыру жағдайы мыналардың:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген төтенше, әскери режимдер немесе өзге де жағдайлардың енгізілуі;

2) табиғи апаттардың салдарынан орын алса сақтандырушы сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асырудан босатылады.

6. Сақтандырушы осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға құқылы емес.

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

22-бап. Дауларды қарау тәртібі

Міндетті экологиялық сақтандыру бойынша тараптардың қатынастарынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

23-бап. Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңдарын бұзған кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тартылады.

24-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті